

## "Жомарт жұма" науқанының қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелері мен Науқан шарттары

1. Науқанды ұйымдастырушы - Банк.
2. Науқанға қатысушылар - қолданыстағы негізгі "Автокарта" (бұдан әрі - Автокарта) төлем картасы бар және Автокартамен интернет арқылы сауда жасаған жеке тұлғалар.
3. Бонустар ҚР және шетел интернет-дүкендерінен интернет арқылы сауда жасағанда есептеледі. Шетелдік валютадағы транзакциялар бойынша бонустар теңгедегі транзакцияларға аударылып есептеледі.
4. Науқанға Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалар қатыспайды.
5. Науқанды өткізу мерзімі: 2022 жылғы 25 қарашада Астана қаласының уақытымен 00:00-ден 23:59 дейін.
6. Науқан күні Автокартамен retail транзакциясын жасап, сауда-сервистік кәсіпорындардан тауар немесе қызметтердің ақысын интернет арқылы төлеген Науқанның барлық Қатысушыларына транзакция сомасының 50% көлемінде бонустар есептеледі.
7. Науқанға қатысушы осы науқан аясында мейлінше көп 30 000 бонус жинай алады.
8. Науқан бойынша мейлінше көп 30 000 бонусты Автокарта бойынша бонустар есептеуге қолданылатын қолданыстағы ай сайынғы лимиттерден тыс жинауға болады.
9. Транзакциялар санына шек қойылмайды.
10. Бонустар транзакция күні бойынша транзакциялардың қаржы құжаттары негізінде есептелінеді.
11. Бонустар бонустық бағдарлама шеңберінде тыйым салынған санаттардағы қызметтер немесе тауарлар үшін ақы төлегені үшін есептелмейді (толығырақ eubank.kz сайтында «Бонустар» бөлімінде).
12. Бонустар Науқан шарттарын орындаған клиенттерге науқан аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде есептеледі.

### 2-тарау. Науқанды Ұйымдастырушы мен Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

#### 13. Қатысушының құқықтары:

- бұқаралық ресурстардан Науқан шарттары мен мерзімдері туралы ақпарат алу;
- Науқан Ұйымдастырушысы туралы мәлімет алу;

#### 14. Қатысушының міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, соның ішінде Науқанға қатысуға байланысты барлық әрекеттерді орындау;
- ҚР қолданыстағы Заңнамасы мен осы Қағидаларда көзделген өзге міндеттемелерді өзіне алу.

#### 15. Ұйымдастырушының құқықтары:

- Науқан жүргізу кезеңінде осы Қағидаларға өзгертулер енгізу. Бұл ретте осы Қағидалардың кез келген өзгерістері туралы ақпарат банктің eubank.kz. сайтында орналастырылады;
- осы Қағидаларда көзделген жағдайлардан басқа, Науқан Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізуге немесе кез келген байланысқа түсуге болмайды;
- егер Қатысушының осы Қағидаларды сақтамау немесе бұзу фактілері анықталса, Науқан Қатысушысына бонустарды есептеуден бас тарту.

#### 16. Ұйымдастырушының міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, соның ішінде Науқанды жүргізуге байланысты барлық әрекеттерді осы Қағидаларда белгіленген мерзімде орындау;
- Науқанды осы Қағидаларға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету;
- Науқан Қатысушыларына Науқан Қағидаларын банктің eubank.kz. сайтында орналастыру арқылы оның Қағидалары туралы хабарлау.

### 3-тарау. Қорытынды

17. Осы Науқан Қағидалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.
18. Науқанға қатысу фактісі Қатысушының Науқанның осы шарттарымен толық келісетінін растайды.
19. Банк Науқанды кез келген уақытта тоқтатуға немесе Науқан Қатысушыларына алдын ала ескертпестен, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осы Науқанға байланысты мәселелер бойынша Банк қабылдаған барлық шешімдер түпкілікті болып табылады және Науқан Қатысушылары шағымдана алмайды.
20. Банк кез келген уақытта алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірместен осы Қағидаларды бұзған тұлғалардың Науқанға қатысу мүмкіндігін бұзғаттау құқығын өзіне қалдырады, соның ішінде:
  - Банк пен Науқан Қатысушылары үшін жағымсыз салдарлар тудыратын немесе тудыруы мүмкін алаяқтық, алдау немесе басқа да жағымсыз деп бағаланатын әрекеттер жасалғанда;

- Банкке, Науқан Қатысушыларына қатысты қорлайтын пікірлер мен мәлімдемелер қалдыру, Науқан және Банк туралы шындыққа жанаспайтын ақпаратты тарату жағдайында.
21. Науқанды ұйымдастыруға байланысты шағымдар [probank@eubank.kz](mailto:probank@eubank.kz) мекенжайына жіберілуі мүмкін.
  22. Банк кез келген уақытта Науқаннан бас тартуға немесе ұзартуға, сондай-ақ осы Қағидаларды өз қалауынша өзгертуге құқылы. Банк қатысушыларды Науқан шарттарындағы өзгерістер туралы [eubank.kz](http://eubank.kz) сайтында уақтылы хабардар етеді.